

**Құрман орта мектебінің 2022-2023 оқу жылында 6 сыныппен
жүргізілетін
тәрбие жұмысының талдауы**

2021-2022 оқу жылында 6 сыныпқа 22 оқушы қабылданды. Оның 9-ы ұл бала, 13-і қыз бала. Жылдық қорытынды сапалық көрсеткіші – 41 % құрайды. Үздік оқушылар: Бағланқызы Ж., Бітімәлі А., Құттымұратова Х.

Екпінділер: Матжан Е., Орынбаева Н., Еділқызы А., Сұмағұл А., Сапаров И., Нұрберген И.

Отбасылық жағдайы: Сыныпта 18 толық отбасы, 4 толық емес отбасыдан, жағдайы қалыпты. Сыныпта 11 оқушы көп балалы отбасынан: Еділқызы А., Асқарұлы Е., Бітімәлі А., Ерғалиев Е., Кенжеғали Е., Нұрберген И., Нұрболатқызы А., Сағынова Ш., Сапаров И., Сәндібекова Ш., Ұзақова И. Оқу жылы сыныптың жаңа оқу жылына деген дайындығынан басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасап, хабарлар алынды. Оқу жылының басында тәрбие жоспары жасалып бекітілді. Жасалған жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылар сыныптағы мектепшілік өтілген іс-шараларға белсене араласты. Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы ауқымды тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді. Тәрбие бағыты бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі онлайн (ватсап желісі) офлайн байланыста болып, түрлі іс-шараларға, мектеп әкімшілігінің ұйымдастырған түрлі жоспар, жұмыстарын (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел) т.б бала тәрбиесіне қатысты. Жиналыстарды сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тиым салу, сауалнама, баяндамалар оқылып, талқыланды. Ата-аналар оқушылардың жыл бойына сабағына қатысты.

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық», «Қауіпсіз мектеп – қауіпсіз орта», «Отбасының сәні – сыйластық», «25 қыркүйек – Еңбек күні», «Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі» тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылар мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылып, 5 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні мерекесіне орай тәлімгер Ж.Кубенованың жетекшілігімен шығарма жазды. «Мектепке жол», «Мектепке жиналуға көмектес» және «Адамдарға қуаныш сыйла!» акциясына, «Денсаулық - 2022» фестиваліне қатынасты.

1 қазан Қарттар күніне орай «Шаңырағымның шаттығы – қазыналы қариям» мерекелік құттықтау, Ш.Мұртазаның 90 жылдығына кітап көрмесі, «Дұрыс тамақтану – денсаулықтың кепілі» іс-шара ұйымдастырылып, «Қалдырған ізін мәңгілік», 11 қазан – Халықаралық қыздар күніне орай «Қыздарға әсемдік жарасады», «Қазақстан – Республикам менің!», «Дін және заманауи қоғам» атты тәрбие сағаттары өтті.

20 қараша Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Қылмыссыз балалық шақ» апталығына, «Адал еңбек бейнесі» сурет конкурсына қатынасып, «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Тәуелсіздік күні мерекесіне орай оқушылар «Тәуелсіздік – орындалған арман» іс-шарасына қатынасып, «Тәуелсіздік – тұғырым», «Мектепке және оның аумағына әкелуге тыйым салынған, пайдалану үшін шектелген бұйымдар мен заттар тізбесі», «Жасөспірім және зиянды заттар», «Теңге – Тәуелсіздік келбеті» тәрбие сағаттары өткізілді, «ҚР Мемлекеттік рәміздерін білесің бе?» сауалнамасы алынып, «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» кешіне, «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» спорттық сайыстарға, «Жаңа жыл – 2023» мерекелік іс-шарасына қатынасты.

Қаңтар айында «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ», «Әлеуметтік желіні тиімді пайдалана білейік!», «Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері» тәрбие сағаттары өткізіліп, «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» сурет байқауына, мектеп кітапханашысы ұйымдастырған «Оқырман отбасы» дөңгелек үстеліне, «Қызықты қыс» спорттық ойындарына қатынасты.

Ақпан айында «Мемлекеттік рәміздерге – 30 жыл», «Мамандықтың бәрі жақсы», «Адам бойында бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс» тәрбие сағаттары, «Бақытты отбасы – зорлық-зомбылықсыз әлем» әкелермен әңгіме, мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен «Бұл әлемді әдемі ету үшін жақсы сөздер айтыңыз» алғыс айту сағаты, «Атадан – өсиет, анадан – қасиет» зияткерлік ойындар, «Әкелер мен балалар» отбасылық эстафеталық ойындар өткізілді.

Наурыз айында «Алғыс – бұл...» тәрбие сағаты, «Наурызым – құт-берекем!» мерекелік іс-шара өткізілді.

«12 сәуір – Ғарышкерлер күні», «18 сәуір ескерткіштерді қорғау күніне орай «Киелі мұрамызға тағзым» тәрбие сағаттары өткізіліп, «Ғарыш – келешектің кемелді жолы» ақпараттық көрме, «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты

күндерім! сайысы, «Табиғат тамашалары» суреттер байқауы, «Таза мектеп» тазалық шарасы ұйымдастырылды.

Мамыр айында мерекелік шаралар ұйымдастырылып, оқушылар «Ел ертеңі – Жас Ұлан» жиынына қатынасты. «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым», «Бір реттік ыдыстардың пайдасы мен зияны туралы» тәрбие сағаттары, «Судағы қауіпсіздік ережесі мен жүріс-тұрыс қағидалары» танымдық сабақтар өткізілді.

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы сынып оқушылары «Волейбол», «Парасат» дебат клубы, «Еркін күрес» үйірмелеріне қатысты.

Сынып оқушыларының жалпы жетістіктері:

2022-2023 оқу жылы	Мектепшілік	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
	9	21	4	-	-

Оқушылар арасында құқық бұзушылықты болдырмау, алдын-алу мақсатында әр түрлі форматта жұмыстар ұйымдастырылды.

Мектеп психологы Ш.Тайбурина өзінің жұмыс жоспарына сай сыныпта буллингке қатысты өзін-өзі бағалау мен және менің дінге көқарасым т.б жұмыстар жүргізді. 2022-2023 оқу жылында оқушылармен жүргізілген жұмыстарда сыныптар бойынша бейресми оқушы анықталмады.

2022-2023 оқу жылында өткен тәрбие сағаттары

№	Тәрбие жұмысын бағыттары	Өтілген тәрбие сағаттар саны 34 сағат	Қосымша тәрбие сағаттар саны
1	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	5	3
	Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігіндегі киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу	3	2
2	Отбасылық тәрбиесі	2	2
3	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты	4	2
4	Ұлттық тәрбие	3	2
5	Рухани – адамгершілік тәрбие	5	2
6	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет	6	2

	тәрбиесі		
7	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	3	2
8	Дене тәрбиесі салауатты өмір салты	3	2

Сынып жетекшісі: Мединаева Г.М.